

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 691 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1203 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1203 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 269 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 148-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мен 2-тармақ алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) 2004 жылғы 15 шілдеге дейін Лицензиаттардың қызметін Ережеде көзделген талаптарға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) 2004 жылғы 15 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен және Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігімен (қаржы полициясы) өзара іс-қимыл тәртібін әзірлесін және бекітсін." ;

3 - т а р м а қ т а :

"және ұйымдар беретін есептемелерге олардың қол жеткізуін мүмкін ете" деген сөздер алынып тасталсын;

"Индустрия және сауда министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне және Қаржы полициясы агенттігіне" деген сөздер "Ішкі істер министрлігіне және Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы полициясы) және облыстардың, Астана және Алматы

қалаларының әкімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың ережесінде:

тақырыбында мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалады;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақ алып тасталынсын;

21-тармақта:

4) тармақшадағы "министрлігі" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі" деген сөздермен толықтырылсын;

7) және 8) тармақшалардағы "бас кәсіпорында" деген сөздер алынып тасталынсын;

15) тармақшадағы "өнеркәсіптік пайдалануға рұқсат етілген," деген сөздер алынып тасталынсын;

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пункттерін ашқан кезде заңды тұлғаларда мыналар болуы тиіс:

1) қолма-қол ақшамен жұмыс істеу үшін ыңғайластырылған үй-жай (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальды жады бар бақылау-кассалық аппараты);

2) мемлекеттік тізілімге енгізілген, тиісті орган тексерген таразы шаруашылығы;

3) қабылдау пунктінің Лицензиатқа тиесілі екендігін растайтын құжаттар (лицензияның нотариалды расталған көшірмесі);

4) қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілігі, лицензияның номері, жұмыс режимі көрсетілген маңдайшасы;

5) кемінде 200 шаршы метр, бірақ 500 шаршы метрден аспайтын алаңы.

Қабылдау пункті адамдар тұратын тұрғын үйлердің аумағына орналаспауы тиіс."

23-тармақта:

екінші абзацтағы "Лицензиат" деген сөзден кейінгі "Лицензиар мен" деген сөздер алынып тасталынсын;

28-тармақтағы "әкімдіктің" деген сөз "Лицензиардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта

өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың ережесіне қосымшада 4-тармақтағы ", облыстардың, Алматы қалалары әкімдерінің" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК